

**«Үздік дизайнер» республикалық интернет-байқауын
қашықтықтан өткізу Ережелеріне
түсінік хат**

Құрметті байқауға қатысушылар!

2017 жылғы 1 маусымда Қазақстанның бүкіл өңірлерінде Музыкалық ансамбльдердің шеруі өткізіледі.

Шерудің мақсаты: «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын іске асыру жағдайында рухани-адамгершілік, эстетикалық, патриоттық тәрбие факторы ретінде балалар мен жастардың орындаушылық шеберліктерін қолдау және дамыту.

Шеру - шығармашылық ұжымдардың шерулік дефилесі мен би шоуларының үйлестірілген театрландырылған музыкалық қойылымы.

Музыканттардың колонналарын бірыңғай стильде мерекелік безендіру үшін заманауи киім, аксессуарлар және реквизиттердің үлгісін жасау қажет.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК «Үздік дизайнер» республикалық интернет-байқауын жариялайды.

Шеруге қатысушылардың өте әдемі және сәнді көрінуіне көмектескісі келетіндерді байқауға қатысуға шақырамыз. Біз сіздер ұсынған киім, аксессуар және реквизиттер үлгілерін мұндетті түрде Шеру колонналарын безендіріп, керемет мерекелік, эстетикалық ләззат сыйлайды деп сенеміз.

«Үздік дизайнер» республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері, сондай-ақ білім алушылары арасында қашықтықтан өткізілетін «Үздік дизайнер» республикалық интернет-байқауының (бұдан әрі - Байқау) ережелері оның мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: білім алушылар мен педагогтердің шығармашылық әлеуеттерін дамытуға жағдай жасау.

Міндеттері:

дизайн саласында шығармашылық қабілеттері бар дарынды балаларды анықтау;

білім алушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру;

дизайн саласындағы стандартты емес шешімдерді және оларды іске асырудың жолдарын іздеу;

дарынды педагогтерді қолдау, өз қызметін сапалы жаңартуға деген уәждемелерін арттыру;

шығармашыл және келешегі бар жастардың дизайнерлер жұмысының түрлі аспектілеріне кәсіби бағдарлануы және қызығушылықтарын белсендіру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау жұмыстары электронды түрде **2016 жылғы 28 қыркүйектен 15 қарашаға дейін** konkurs.fashion@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

2016 жылғы 15 қарашадан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаз балалардың жетекшілеріне алғыс хаттар **2016 жылғы 28 қарашада** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

6. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ құралдарына жариялауға құқылы.

7. Байқауға қатысу үшін әр жұмысқа:

балалар - **1500 (бір мың бес жүз) теңге;**

педагогтер - **3000 (үш мың) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БанкЦентрКредит АҚ

Иик KZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП – 859.

Төлемақының мақсаты: «Үздік дизайнер» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету қажет.

8. Байқауға қатысу үшін **konkurs.fashion@mail.ru** электронды поштасына келесі құжаттар жіберілуі тиіс:

- 1) қосымшаға сәйкес толтырылған өтінім;
- 2) сканерден өткізген төлемақы құжаты немесе төлем тапсырмасы;
- 3) электронды түрдегі байқау жұмысы.

3. Байқау талаптары

9. Байқауға жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері, сондай-ақ 8-17 жас аралығындағы білім алушылары қатысады.

Байқау келесі жас санаттары бойынша жүргізіледі:

- 1) 8-10 жас;
- 2) 11-14 жас;
- 3) 15-17 жас.

10. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

1. «Мажоретка, черлидер, хостесстердің сахналық киімдерінің үздік үлгісі» номинациясы.

2. «Балалар мен жастардың музыкалық ансамбльдері мен оркестрлерінің сахналық киімдерінің үздік үлгісі (үрлемелі, халық аспаптары, барабаншылар, бишілер және басқа да музыкалық ұжымдар)» номинациясы.

Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар.

Шеру – шығармашылық ұжымдардың шерулік дефилесі мен би шоуларының үйлестірілген театрландырылған музыкалық қойылымы, сондықтан киімдердің үлгісі шеруде жүруге ыңғайлы болуы тиіс.

Байқауға қазақ ұлттық киімдерінің дәстүрі мен өнерінің заманауи сән үлгілерінің синтезі негізінде жасалған киімдердің жобалары қабылданады.

Эскиздер кез-келген техникада орындалуы мүмкін. Әр жұмыстың жазбаша сипаттамасы болуы керек: ұсынылатын үлгінің аталуы және негізгі

ерекшеліктері. Байқау жұмысының фотосуреттері JPEG форматында қабылданады.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:
берілген тақырыпқа сәйкестігі, идеясының жаңашылдығы және ерекшелігі;

үлгінің стильге сәйкестігі;

композициялық және стильдік тұтастығы;

түстік, сәндік шешімі;

стильдік мәнерлілігі;

киімді үлгілеу барысында инновацияларды пайдалануы.

3. «Аксессуарлар мен реквизиттердің үздік үлгісі» номинациясы. Байқауға аксессуарлар мен реквизиттердің (жалаулар, білім беру ұйымдарының таңбасы белгіленген байрақтар, батондар, жалаушалар, помпондар, асатаяқтар) эскиздері қабылданады.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

идеяның жаңашылдығы және ерекшелігі;

суреттің сапасы;

қызықты шығармашылық шешімі;

түстік шешімі.

Байқауға тек жеке жұмыстар қабылданады.

11. Байқауда бір қатысушы бір немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр қатысушыдан әр номинацияға бір жұмыс қабылданады. Әр номинацияға жеке жұмыс ретінде жеке ақша төленеді.

12. Байқау жұмысының титул парағында келесілер көрсетіледі:

облысы, аудан (қала), ауылы;

білім беру ұйымының аталуы;

байқау және номинациясының аталуы;

автордың аты-жөні;

қатысушының жасы;

e-mail, байланыс құралдары;

жетекшісінің аты-жөні (*білім алушылар үшін*).

13. Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау

14. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

15. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификат беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттардың

электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме бойынша <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады. Анықтама телефоны: +7 (7172) 249 306 («Үздік дизайнер» байқауы).

Дипломдарды, сертификаттарды, алғыс хаттарды жүктеп алудың нұсқасы: www.ziyatker.org → Бастапқы бет → Республикалық іс-шаралар → «Үздік дизайнер» байқауы → әрі қарай).

Ережеге қосымша

Қашықтықтан өткізілетін Республикалық интернет-байқауға қатысу туралы ұсыным

Қатысушының аты-жөні Қатысушының жасы	Облысы, қала, аудан, ауыл, білім беру ұйымының атауы	Байқаудың, номинациясының, жұмыстың атауы	Байланыс құралдары (ұялы телефоны, электронды поштасы)	Жетекшісінің аты-жөні
1	2	3	4	5